



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*Тіркелген және жұмыс істеп тұрған ауылшаруашылық
өнімдерін өндірушілер*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Нурмаханов Ермек Мухитович

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Бекбердиев Елнур Адилович

S.1.4 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі,
4-кіреберіс

S.1.5 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

e.nurmakhanov@aspire.gov.kz

S.1.6 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74 95 11

S.2 Өзектілік- кіріспе

Ауылшаруашылық статистикалық тіркелімі (бұдан әрі – АШТ) Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық өнімдерін өндіруші субъектілер бойынша тіркелімді қалыптастыру мен жүргізу үшін арналған. АШТ-ның міндеті осы деректерді жинау және жинақтау, оларды тұрақты өзектендіру, өңдеу, іріктемелі зерттеу жүргізу үшін бас жиынтықты қалыптастыру болып табылады.

АШТ-да деректерді өзектендіру есепке алу бірліктерінің тізбесі бойынша олардың жіктеуіштік және экономикалық атрибуттары бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізуді құрайды.

Статистикалық бизнес-тіркелімнің (бұдан әрі - СБТ) негізінде автоматты режимде есепке алу бірліктерін өзектендірудің келесі түрлері жүргізіледі:

- 1) жаңадан құрылған ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлік субъектілері енгізіледі;
- 2) орналасқан орнын (әкімшілік-аумақтық объекті кодтарының

өзгерістері) ауыстыру бойынша өзгерістер енгізіледі;

3) жіктелімдік мәліметтер бойынша: ахуалдық код бойынша, кәсіпорынның мөлшерлілігі бойынша, тізімдік саны бойынша өзгерістер енгізіледі;

4) негізгі (немесе қосалқы) қызмет түрін ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге өзгерткен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлік субъектілері қосылады;

5) негізгі (немесе қосалқы) қызмет түрін басқа қызмет түріне өзгерткен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлік субъектілері алынып тасталады;

6) таратылған ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлік субъектілері автоматты режимде және үй шаруашылықтары мүлдем жоқ елді мекендер жойылады;

7) ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлік субъектілердің бірігуі, олардың бірнеше шағын ШФҚ бөлінуі немесе едәуір ірі бір ШФҚ немесе серіктестікке бірігуі немесе өндірістік кооперативтің бірнеше серіктестіктерге қайта тіркелу жағдайлары тіркеледі.

Әр шаруашылық бойынша есепке алу жеке кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде ШФҚ және үй шаруашылықтарындағы мал басы туралы және егістік алаңы туралы статистикалық деректерді қалыптастырудағы негізгі ақпарат көзі болып табылады. Үй шаруашылықтарын және жеке кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде ШФҚ есепке алу үшін ауыл әкімдері электрондық әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданады (бұдан әрі – ЭШБЕА БҚ) – бұл кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін енгізу, түзету және сақтауды жүзеге асыруға, сонымен қатар енгізілген ақпарат негізінде жиынтық біріктірілген деректерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін қолданбалы бағдарлама.

Әрбір жеке кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде ШФҚ және үй шаруашылығы бойынша есепке алу бойынша жұмыстар

жартыжылдық негізінде әр шаруашылық бойынша есепке алу шеңберінде келесі көрсеткіштерге жүргізіледі:

- үй шаруашылықтарының мүшелері туралы (ұлты, жыысы, білім деңгейі, білім беру ұйымында оқитындар, жұмыспен қамтылу жағдайы, күнкөрістің негізгі қаражат көзі);
- ШФҚ-ның құрамы туралы мәліметтер;
- үй шаруашылықтарының тұрғын үй жағдайлары туралы;
- егістік алаңы туралы;
- мал басы туралы;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарының қолда бары туралы;
- ауыл шаруашылығы өнімдері мен малды ұстауға арналған ғимараттар туралы.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау 2019 жылғы 15 тамызда ҚР СЖРА ҰСБ сайтында жарияланды

S.3.2 Метадеректердің соңғысы 2019 жылғы 15 тамызда ҚР СЖРА ҰСБ сайтында орналастырылды.

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;

ӘҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;

ҰҚНЖ – шаруашылық жүргізудің ұйымдық–құқықтық нысандарының жіктеуіші;

КМЖ – Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуіші;

МНЖ – Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;

АКА – Ахуалдық код анықтамалығы;

ЭСЖ – Экономика секторларының жіктеуіші;

ҚСБТА – Құқықтық және статистикалық бірлік типтерінің анықтамалығы

АШӨСЖ – Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілген қызметтердің) анықтамалығына;

АШМӨЖ – Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілген қызметтердің) анықтамалығына кірмейтін, мал шаруашылығы өнімдерінің анықтамалығына;

СКА – Статистикалық көрсеткіштер анықтамалығына;

ӨТТА – Өнім түрлері топтамаларының анықтамалығына.

(ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған).

S.4.3 Секторлық қамту

АШТ-ны өзектендіру көзі: СБТ және әкімшілік дереккөздер (кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері) және алғашқы статистикалық деректер болып табылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

АШТ-ны жүргізу және өзектендіру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасының 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 295 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелімін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістемесі» негіз болып табылады.

Осы Әдістеменің мақсаты АШТ-ны жүргізуді және уақтылы өзектендіруді қамтамасыз ету, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге жалпымемлекеттік статистикалық байқауды жүргізуде АШТ-дан зерттелетін бірліктер тізбесін қалыптастыру және қолдану болып табылады.

АШТ Қазақстан Республикасындағы елді мекенде орналасқан ауылшаруашылық өнімін өндіретін ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жеке кәсіпкерлік субъектілері, үй шаруашылығы бойынша әкімшілік (тіркелімдік және жіктелімдік мәліметтері) және экономикалық (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауылшаруашылық құрылыстар және имараттар, ауылшаруашылық

техникалары бойынша мәліметтер) ақпаратты және бау-бақша кооперативтері (ауыл шаруашылығы алқаптары) туралы жиынтық деректерді қамтиды.

Сондай-ақ АШТ әкімшілік дереккөздерден тиісті әкімшілік деректер, ағымдағы статистика және ауыл шаруашылығы санақ деректері бар болған жағдайда қалалық жерлерде орналасқан үй шаруашылықтары, дара кәсіпкерлік субъектілері бойынша әкімшілік және экономикалық ақпаратты және бау-бақша кооперативтері (ауыл шаруашылығы алқаптары) туралы жиынтық деректерді қамтиды.

Респонденттер тобы: ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші (ЭҚЖЖ 01) заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілер, оның ішінде ШФҚ, үй шаруашылықтары.

Қамтылуы: жаппай

Құралы: СБТ (күнделікті), ЭШБЕА БҚ (әр жартыжылдық сайын).

S.4.5 Статистикалық объект

Заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлік субъектілер, оның ішінде ШФҚ, ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтары.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жеке кәсіпкерлік субъектілері, ШФҚ және үй шаруашылықтары деректерінің өзектілігі.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар, астана).

S.4.8 Қамту уақыты

2009 жылдан бастап.

S.4.9 Базалық кезең

S.5 Өлшем бірлігі

Бірлік

S.6 Есепті кезең

Жартыжылдық

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

- 1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы.
- 2) 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 295 «Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелімін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістемесі». Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда № 14581 болып тіркелген.
- 3) 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснамасы». Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 шілдеде № 6334 болып тіркелген.
- 4) 2015 жылғы 30 қарашадағы № 744 «Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу қағидалары». Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12525 болып тіркелген.
- 5) Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.
- 6) Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.
- 7) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.
- 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылы 21 қаңтарда №12907 болып тіркелген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына кепілдік және қорғау қамтамасыз етіледі;
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді;
3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызында № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес.

Ресми статистикалық ақпаратты турату графигі ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» // «Құжаттар» бөлімінде орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ сайтында

www.stat.gov.kz «Негізгі» // «Құжаттар» // «Жоспар және кестелер» бөлімінде орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР СЖРА ҰСБ сайтында www.stat.gov.kz. Салалық статистика – Кәсіпорын статистикасы бөлімінде орналасқан.

S.10 Тарату жиілігі

Жартыжылдық

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Пресс-релиздер жарияланбайды.

S.11.2 Жарияланымдар

Электрондық кестелер «Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер»

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

Іске асырылмаған

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызында № 6388 болып тіркелген.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) «Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелімін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 2 желтоқсан № 295 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда №14581 болып

тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында «Әдіснама» - Тіркелімдер жүргізуге арналған зерттеулер бөлімінде орналасқан.

2) «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснама» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 15 шілдеде №6334 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында «Әдіснама» - Статистикалық тіркелімдерді жүргізу бөлімінде орналасқан.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы №9-нқ бұйрығымен бекітілген ҚР СЖРА ҰСБ туралы ережесі.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелімі бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматты-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді.

S.13.2 Сапаны бағалау

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпараттың негізгі пайдаланушылары – ҚР СЖРА ҰСБ құрылымдық бөлімшелері, облыстық статистика департаменттері, аудандық статистика басқарламалары, Министрліктер, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

ЭШБЕА БҚ-ға деректерді енгізу сатысында кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдерімен өзгертілетін әр түрлі форматтық-логикалық және арифметикалық бақылаулар ЭШБЕА БҚ-да салынған. Бұдан басқа, АШТ-да ЭШБЕА БҚ-дан деректерді импорттау кезінде қате туралы ескертетін қателер хаттамасы салынған. Бұндай қателер АШТ-ны өзектендіру барысында Аудандық статистика басқармаларымен, Облыстық статистика департаменттерімен және ҰСБ түзетіледі.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Электрондық кестелер жыл сайын бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Электрондық кестелер бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында деректер салғастырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша

ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелімін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) алынған халықаралық ұсынымдарға (Дания Корольдігі) және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

«Ауыл шаруашылық статистикалық тіркелімін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістемесі» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 295 бұйрығымен бекітіліп, ҚР СЖРА ҰСБ барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S.19 Жүктеме

Деректерді жинау үй шаруашылықтарын және жеке кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде ШФҚ аралау кезінде кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдерімен жүзеге асырылады, ЭШБЕА БҚ-ға енгізіледі, содан кейін статистика органдарына АШТ-ны өзектендіруге ұсынылады.

ЭШБЕА БҚ-да ақпаратты енгізу кезінде қателерді болғызбайтын форматтық-логикалық бақылаулар салынған.

АШТ-ға ақпаратты импорттау, енгізу және өңдеу үрдістері толығымен автоматтандырылған, шығыс және кіріс ақпараттың бақылаулары қарастырылған.

Үй шаруашылықтарын және жеке кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде ШФҚ аралау және ЭШБЕА БҚ-ға енгізу үшін кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдері 1 ай жұмсайды.

Басқа кешендермен қайталауы тиіс.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.1 Деректерді қайта қарау /А6

Қолданылмайды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер саны бойынша статистикалық ақпарат СБТ-дан және әр шаруашылық бойынша есепке алудан алынған деректер негізінде қалыптасады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жартыжылдық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау электрондық түрде жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 744 бұйрығымен бекітілген «Шаруашылық бойынша есепке алу деректерінің анықтығын нақтылауды жүргізу қағидаларына» сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда №12525 болып тіркелген.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету ЭШБЕА БҚ-ға ақпаратты енгізу кезінде және деректерді АШЖ-ға импорттау кезінде жүзеге асырылады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.